



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

Базалық мөлшерлемені 15,25%-ға дейін көтеру туралы

Астана қ.

2024 жылғы 29 қараша

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ақша-кредит саясаты комитеті базалық мөлшерлемені +/- 1 п.т. дәлізімен жылдық 15,25% деңгейінде белгілеу туралы шешім қабылдады. Шешім жаңартылған болжамдар мен инфляция тәуекелдері балансының бағалауын ескере отырып қабылданды.

Қазақстанда жылдық инфляция қазан айында 8,5%-ға дейін өсті. Бұл «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасын іске асыру аясында реттелетін қызметтердің айтарлықтай қымбаттауы мен теңгенің әлсіреуі салдарынан орын алуда. Оған қоса инфляцияның орнықты бөлігі де өсуде. Жоғары ішкі сұраныс жағдайында азық-түлікке жатпайтын тауарлар мен нарықтық қызметтер бағасының өсуі инфляцияның жеделдеуіне ықпал етті. Бюджеттің кіріс бөлігін орындамауға байланысты жалғасып жатқан фискалдық ынталандыру есебінен экономика ішіндегі проинфляциялық қысым сақталуда. Қазан айында халықтың инфляциялық күтулері төмендегенмен, құбылмалы болып қалуда.

Жаһандық инфляция жалпы баяулауда. Бұл дамыған экономикалардағы еңбек нарығындағы жағдайдың тұрақтануы және неғұрлым баяу іскерлік белсенділікті қоса алғанда, сыртқы монетарлық талаптардың біртіндеп жеңілдеуіне әкелуде. Алайда **сыртқы инфляциялық қысым** соңғы айларда артуда. Оған азық-түліктің әлемдік бағасының өсуі, Ресейдегі неғұрлым жоғары инфляция және айтарлықтай бағамдық ауытқулар себеп болуда. Қаржы нарықтарында едәуір **өскен құбылмалылық** байқалуда, бұл белгісіздік пен инфляциялық күтулердің өсуіне әсер етуі мүмкін.

Базалық сценарийде Brent маркалы **мұнайдың бағасы** болжамды кезеңнің соңына дейін орташа есеппен бір баррель үшін **70 АҚШ долларына** дейін төмендету жағына қарай қайта қаралды. Сценарий шарттары бағаның нақты динамикасын, Қытай тарапынан сұраныстың төмендеуін, әлемдік экономиканың баяулауын және Солтүстік және Оңтүстік Америкада өндірудің өсуін ескере отырып қалыптастырылған.

2024 жылға болжанған инфляция 8-9%-ға дейін нақтыланды. **2025 жылға** арналған болжам – **6,5-8,5%-ға** дейін, **2026 жылға** арналған болжам **5,5-7,5%-ға** дейін өсу жағына қарай қайта қаралды. Инфляцияның орнықты бөлігі 2026 жылы 5%-ға жақын қалыптасады. Жалпы инфляция 2027 жылы нысанаға жақын қалыптасады деп күтіледі. Алдағы жылдарға инфляция бойынша неғұрлым жоғары болжам фискалдық ынталандырудың кеңеюіне, тұрғын-үй коммуналдық қызметтер (ТКҚ) реформаларының жалғасуына, айырбастау бағамының әлсіреуіне және сыртқы инфляциялық қысымның күшеюіне байланысты. Инфляция болжамының тәуекелдері ішкі сұраныс тарапынан қысымның өсуіне, сыртқы инфляцияның жеделдеуіне және инфляциялық күтулердің артуына байланысты. Сонымен қатар мемлекеттік қаржыны тұрақтандыру құралдарына қатысты белгісіздік сақталуда. Реттелетін бағалар мен тарифтерді одан әрі өсуі, оның қарқыны мен мерзімі де болжамның маңызды тәуекелі болып қалып отыр.

2024 жылға болжанған Қазақстан экономикасының өсуі 4-4,5% деңгейінде нақтыланды. 2025 және 2026 жылдарға арналған болжам тиісінше 4,5-5,5% және 4,6-5,6%-ға дейін қайта қаралды. Неғұрлым төмен болжамдар мұнайдың сценарийлік бағасының төмендеуіне және бірқалыпты сыртқы сұранысқа байланысты. Ұлттық Банктің бағалауы бойынша болжамды кезең ішінде экономика ішкі ұсыныс мүмкіндіктерінен асып түсетін сұраныстың кеңеюі жағдайында өседі. Бұл орнықты түрде проинфляциялық қысым көрсететін болады.

Айырбастау бағамының әлсіреуі, инфляцияның өсуіне байланысты нақты мәндегі пайыздық мөлшерлемелердің төмендеуі, сондай-ақ оның алдағы жылдарға болжамдарының артуы аясында жиынтық ақша-кредит шарттары жұмсарды. Қаржы нарықтарында өскен құбылмалылықпен бірге бұл базалық мөлшерлемені көтеруді қажет етті. Қаржы және энергетика нарықтарындағы құбылмалылықты ескере отырып, Комитет инфляцияны орнықты баяулау траекториясына тезірек қайтару және 5%-дық таргетке жету үшін жақын арада шешім қабылдау кезінде ақша-кредит саясатын қосымша қатаңдату қажеттілігін мұқият бақылайтын болады.

Қабылданған шешім факторлары мен болжам туралы барынша толық ақпарат 2024 жылғы 9 желтоқсанда Ұлттық Банктің ресми интернет-ресурсында¹ Ақша-кредит саясаты туралы баяндамада ұсынылады. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ақша-кредит саясаты комитетінің базалық мөлшерлеме бойынша кезекті жоспарлы шешімі 2025 жылғы 17 қаңтарда Астана қаласының уақытымен сағат 12:00-де жарияланады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық сценарий бойынша болжамының негізгі параметрлері

| | 2024 | 2025 | 2026 |
|--|-----------------------------|-----------------------------|-----------------------------|
| Болжам шарттары | | | |
| Brent маркалы мұнай бағасы, бір жылда орта есеппен бір баррель үшін АҚШ доллары | 80,3 (84,5) | 70,0 (82,5) | 70,0 (77,5) |
| Болжам | | | |
| ЖІӨ %, ж/ж | 4,0-4,5 (3,5-4,5) | 4,5-5,5 (5,0-6,0) | 4,6-5,6 (4,9-5,9) |
| ТБИ %, алд. жылғы желт. қарағанда желт. | 8,0-9,0 (7,5-9,5) | 6,5-8,5 (5,5-7,5) | 5,5-7,5 (5,0-7,0) |
| Ағымдағы шот, ЖІӨ-ден %-бен | -1,3 (-1,0) | -2,7 (-0,8) | -2,7 (-1,4) |

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы алуына болады:

¹ <https://www.nationalbank.kz/ru/page/obzor-inflyacii-dkp>

+7 (7172) 775 210